

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

2-КІТАП

ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ
КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ
42-й Международной научно-методической
конференции

КНИГА 2

МАЗМҰНЫ

2 Секция. ОҚУ ҮДЕРІСІН ОҚУЛЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ДАЙЫНДАУ

Әсембаева Б.О. Болашақ баспагер – редакторларды дайындаудың ғылыми және шығармашылық бағыттағы мәселелері	3
Бөрібаев Б. Электрондық оқу құралдарын жасау және пайдалану – заман талабы	6
Данаев Н.Т., Боранбаев С.А. О современных электронных обучающих технологиях	9
Есбосынова А.Б. Жоғары оқу орындарын қазақша оқулықтармен қамтамасыз ету жолдары	13
Жубанова А.А., Акимбеков Н.Ш. Создание учебных пособий на казахском, русском и английском языках – реальный путь к подготовке современных специалистов	16
Исабаева Б.К. Оқушы-жастардың өздік жұмысын ұйымдастыруда электронды оқулықтарды пайдаланудың мүмкіндіктері	18
Қартаева Т.Е. Мамандарды даярлауда электронды оқулықтарды пайдаланудың маңызы	21
Қоданова С.Қ., Төреханова Қ.М. Физика саласында жоғары кәсіби білім беру мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану	23
Қоқанбаев Ә. Қ., Тәжібаева С.М., Мұсабеков Қ.Б. Жоғары оқу орындарын қазақша оқу құралдарымен қамтамасыз етіп, оқу сапасын арттырудағы терминологиялық және түсіндірме сөздіктердің маңызы	26
Майкотова Ғ.Т. «Қазақстандағы кітап басу ісінің негіздерін» оқытудағы әдістемелік жүйелер	29
Сейтнұр Ж.С. Мемлекеттік тілде кітаптармен қамтамасыз етудің психологиялық мәселелері	32
Смағұлов С. «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көркем әдебиетті пайдалану	35
Таирова Н.Н. Создание электронного учебника в рамках дисциплин «ИС в науке и образовании»	38
Тунгатаров Н.Н. Методика создания электронных учебных изданий в системе CourseLab	43
Жұманов К.Б. «Атомдық физика» пәні бойынша бірыңғай оқу-әдістемелік құралдар жинағын жасалуы және оны оқу процесінде қолдау тәжірибесінен	49
Жамалбеков Е.Ү. Студенттерге оқулықтармен оқу құралдарын жазу-дәріс беретін ұстаздар міндеті	52
Құмарғалиева С.Ш. «Беттік құбылыстардың физика-химиясы» атты электрондық оқу құралының ерекшеліктері	54

Абдирайымова Г.С. Академическая мобильность: глазами молодых ученых и студенческой молодежи (по результатам социологических исследований)	240
Ақымбек С.Ш. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жиынтық моделін жасауда компьютерлік сараптау нәтижелерін қолдану	244
Аскарова А.С., Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К. Формирование навыков научно-исследовательской деятельности будущих студентов на примере сотрудничества с фондом образования Алакольского района	248
Danabayeva R.I. Intellectual asset management and the university business model	251
Досжанов Е.О., Онгарбаев Е.К. Интеграция науки, образования и производства при подготовке специалистов нефтегазового дела	254
Жүніс Қ.Ә. Магистранттарға түркі халқының тарихын оқыту әдістері	256
Есенгалиева Ж.С. Исследование метода и графической модели оценки инновационности и конкурентоспособности инновационных проектов	261
Калыш А.Б. К методике проведения полевых этнографических экспедиций	267
Кунанбаева М.Н. Особенности профессионального становления студентов в период прохождения педагогической практики	271
Курманбаева А. Білім беру үдерісінің жаңаша жолдары	275
Құсайынов С.А. Оқшау таулар түрінде көрініс берген сақиналы құрылымдар	278
Момынқұлов Ж.Б., Ахметалиева Г.У. Методические рекомендации молодым преподавателям и эдвайзерам по деловой психологии	280
Муканова Г.К. Исследовательский университет и образовательные тренды XXI века в Казахстане и Центральной Азии	285
Мямешева Г.Х., Асанов Н.А. Академическая мобильность как конкретный шаг интеграции науки, образования и производства	287
Негизбаева М.О. Инновации в образовательной системе (на примере производственной практики)	290
Ниязгулова А.А., Ибрагимов Н.А. Интеграция медиаобразования в мировое образовательное пространство	290
Нюсупова Г.Н., Дуйсебаева К.Д., Токбергенова А.А., Калиаскарова З.К. Проблемы и перспективы подготовки качественных специалистов на кафедре географии, землеустройства и кадастра	290
Садвакасова З.М. Сущность делегирования полномочий в организации образования	300
Сейлханова Г.А., Оспанова А.К. Проблемы интеграции науки, образования и производства	300
Смағұлова Г.Н. Студенттерге «Шешендік сөздер дискурсындағы» күрделі синтаксистік тұтастық құрылымын меңгерту тәсілдері	310

СТУДЕНТТЕРГЕ «ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР ДИСКУРСЫНДАҒЫ» КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҰТАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН МЕНҒЕРТУ ТӘСІЛДЕРІ

Смағұлова Г.Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Болашақ филолог мамандарына тіл шеберлігін менгерту және мәнерлі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бакалавриатта оқытылатын «Шешендік сөздердің дискурсы» пәні электив курс ретінде жүргізіледі. Курста пайдаланылатын тілдік фактілер студенттерді қисынды ойлау мен зеректікке баулиды, сөйлеу мәдениетін арттырып, шебер сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Тілдік коммуникацияда бір-бірімен белгілі бір ретпен, өзара мағыналық жағынан жымдаса келетін сөйлемдер тобы кездеседі. Мұндай сөйлемдер тобы тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық деген термин аясында қарастырылып келеді. «Шешендік сөздер дискурсында» студенттерге күрделі синтаксистік тұтастық мағына ортақтастығына және белгілі бір синтаксистік, интонациялық байланыстың негізінде топтасқан сөйлемдердің тізбегінен тұратын дербес мағыналық бірлік екені негізгі коммуникативтік құзреттілік тұрғысынан түсіндірілуі тиіс.

Студенттердің теориялық біліктіліктерін тереңдету мақсатында алдымен күрделі синтаксистік тұтастық ұғымының зерттелу тарихына, құрылымдық ерекшелігіне және бір-бірімен байланысу жолдары туралы ғылыми мәліметтер мен ақпараттар берілгені жөн. Мәтіннің тұлға бірлігі күрделі синтаксистік тұтастық туралы ілімді ХХ ғасырдың 50-жылдарында Н.С. Поспелов алға тартады. «При изучении синтаксического строя связанной монологической речи следует исходить не из предложения, а из понятия сложного синтаксического целого как синтаксической единицы, служащей для выражения сложной законченной мысли, имеющей в составе окружающего ее контекста относительную независимость, который обычно лишено отдельное предложение в контексте связанной речи», - деп атап көрсетеді [1,32].

Сондай-ақ күрделі синтаксистік тұтастық теориясының дамуына 60-жылдары назар аударған ғалым И.А. Фигуровский болды. Ғалым-лингвистердің үлкен бір шоғыры осы мәселеге айрықша көңіл бөліп, өз көзқарастарын білдірді. Осыған орай: «В настоящее время проблема сверхфразовых единств, прозаической строфы, синтаксиса целого текста является одной их наиболее актуальных в синтаксисе. Основная трудность ее исследования – в комплексности средств организации единиц целого текста (больших, чем предложение) а также в отсутствии однообразных специализированных показателей, определяющих организацию и границы таких единств», - деген тұжырым жасайды [2, 116].

Ал қазақ тіл білімінде бұл мәселеге қатысты ойлар А. Байтұрсынов еңбектерінен бастау алып, кейінгі жылдары М. Серғалиев, Б. Шалабай т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. А.Байтұрсынов күрделі синтаксистік тұтастықты «орамды немесе өрнекті сөйлем» дей келе, былайша тұжырымдайды: «Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып білдіретін орын да болады. Ойда ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеу бетімен барып қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деп аталады» [3,310].

М. Серғалиев күрделі синтаксистік тұтастыққа төмендегідей анықтама береді: «Күрделі синтаксистік тұтастық – жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын неғұрлым толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің тобы. Сөйлем сөздердің тіркесуі арқылы біршама аяқталған ойды білдірсе, күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің тіркесуі арқылы аяқталған ойды білдіреді» [4, 35].

Сондай-ақ күрделі синтаксистік тұтастықтың өзіндік құрылымдық ерекшелігін де мынадай түрде көрсете кетеді:

- а) күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық мағынасын өзіне қысқаша түрде жинақтап тұрған алғашқы сөйлем;
- ә) ойдың, теманың дамуын көрсететін ортаңғы сөйлем;
- б) кішкене теманың, ойдың мағыналық және синтаксистік жағынан аяқталғанын білдіретін қорытушы сөйлем;

Күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу жолы негізінен екі түрлі болады. Осыған орай күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық ерекшелігін шешендік сөздер дискурсын игеруші студенттерге кесте арқылы түсіндірсек ұғынықты болады.